

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғылыми ұйымдарының жүйесін жетілдіру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 430

Қазақстан Республикасы Президентінің "Республиканың ғылымын ұйымдастыруды жетілдіру мен ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1090 U931090_ және "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі және ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" 1994 жылғы 9 ақпандағы N 1556 U941556_ Жарлықтарын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ғылыми ұйымдарының жүйесін экономикалық және әлеуметтік дамудың басым бағдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Ф.М.Мұхамедғалиев атындағы эксперименталдық биология институтын тарату туралы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының физиология институтын Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Адам және жануарлар физиологиясы институты етіп қайта құру туралы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Аймақтық тағам проблемалары ғылыми орталығын Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Тағам институты етіп қайта құру туралы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Зоология институтын Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Зоология және жануарлар генофонды институты етіп қайта құру туралы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Ботаника институтын және Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Бас ботаника бағын Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Ботаника және фитоинтродукция институты етіп қайта құру туралы ұсыныстары қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімімен келісілген:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Мемлекет және заң институтының, Философия институтының және Экономика институтының тиісті ғылыми бөлімшелері негізінде Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық

ғылым академиясының Социология және саясаттану институтын құру туралы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Органикалық синтез және көмір химиясы институтының табиғи қосындылар химиясы лабораториясының, тәжірибелік фитопрепараттар цехының және Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Бас ботаника бағының Қарағанды бөлімі негізінде Қарағанды қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Фитохимия институтын құру туралы;

Шымкент қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Аймақтық экономика проблемалары институтын құру туралы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының биология ғылымдары бөлімі институттарының ғылыми бөлімшелері негізінде Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Жалпы генетика және цитология институтын құру туралы ұсыныстары мақұлдансын.

3. Бұрынғы ғылыми-зерттеу институттарын қайта құру және жаңаларын ашу, сондай-ақ оларды орналастыру Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы белгілеген бюджет қаржысы көлемінде және оның өзінде бар өндіріс алаңдарында жүргізілсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының төралқасы қайта құрылған және жаңадан ашылған ғылыми-зерттеу институттарын зерттеудің негізгі бағыттары мен құрылымын үш ай ішінде бекітіп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынатын болсын.

5. "Қазақ ССР Ғылым академиясының құрылымы туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1946 жылғы 29 көкектегі N 326 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

III бөлімдегі биология және медицина ғылымы бөлімшесінде:

1 және 9-тармақтардағы "Ботаника институты" мен "Республикалық ботаникалық бақ" деген сөздер "Ботаника және фитоинтродукция институты" деген сөздермен алмастырылсын;

2-тармақтағы "Зоология институты" деген сөздер "Зоология және жануарлар генофонды" деген сөздермен алмастырылсын;

4-тармақтағы "Физиология институты" деген сөздер "Адам және жануарлар физиологиясы институты" деген сөздермен алмастырылсын.

6. Мына қаулылардың күші жойылды деп саналсын:

"Қазақ ССР Ғылым академиясының эксперименталдық биология

институтын құру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1962 жылғы 9 мамырдағы N 340 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Эксперименталдық биология институтына "Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының

академигі Фазыл Мұхамедғалиұлы Мұхамедғалиевтың есімін беру туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 3
маусымдағы N 500 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж.,
N 22, 356-бап).

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК